

Қабыш
ЖӘРКЕНОВ

А 2005

5596₁₄

ЖОЛ АЙРЫҒЫ



Қабыш
ЖӘРКЕНОВ

ЖОЛ АЙРЫҒЫ



Хикаяттар мен әңгімелер



Алматы
"Жазушы"

2004

ББК 84 қаз 7-44
Ж 37

*Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр*

Жәркенов Қ.

Ж37 Жол айрығы: Хикаяттар мен әңгімелер.— Алматы:
Жазушы, 2004. — 256 бет.

ISBN 9965-701-50-4

Үлкен өмірге қадам басқан жастың алдында екі түрлі тағдыр соқпағы тұрады: бірі — оң жол, яғни адамдық жолы; екіншісі — теріс жол, яғни пендешілік сүрлеуі. Осынау жол айрығында қай жаққа қарай дұрыс қадам жасау — кісінің бүкіл келешегіне әсер ететін құбылыс. Өмірден өткен жазушы Қабыш Жәркеновтің «Жол айрығы» атты әңгімелер жинағында осы бір мәңгілік мәселе қозғалады.

Мектеп өмірінің, ата-ана жауапкершілігінің, адам мен қоғамның жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесінің қыр-сыры суреттелетін «Бесбұлақтың балалары», «Мейірбан ұрпақ», «Шарапат», «Рудаки», «Оқушының бір күні», «Мінезді аю» секілді таңдаулы әңгімелері мен хикаяттары қалың оқырман қауымның қалтқысыз ықыласына бөленеді деп ойлаймыз.

Ж $\frac{4702250201-068}{402(05)-04}$ құлақтандырусыз — 2004

ББК 84 қаз 7-44

ISBN 9965-701-50-4

© «Жазушы» баспасы, 2004



БЕСБҰЛАҚТЫҢ БАЛАЛАРЫ

Табандаған тоғыз ай бойында мектепте жүресің. Қалқиған қос құлағың қоңырауда, жыпылық қаққан екі көзің бірде мұғалімде, бірде кітапта. Одан қалған уақытың ойыннан-ақ артылмайды. Сөйтіп, анда-санда еркелегің кеп кеткенде демесең, әке-шешенді ойлауға мұршаң келмей жүретін кездерің көп болады. Тек қана жақындап қалғанда тағатсыздана күтетінің тоқсан аяғындағы үзілістер болмақ. Мұндайда өзгеден гөрі ерекше ақылды бала болмаса, көбі кітап бетін ашпайды.

Сондай сағынар кездердің біреуі жыл соңы — сабақ аяқталғаннан кейін жазғы демалысқа босап, ауылға келу. Қандай рақат десенші! Көңілін орнығып, мойныңнан ауыр жүк түскендей, кеуденді кере бір тыныс аласың. Бұл кез май айының аяқ шені.

Былтырғы жылдан қалған ескі шөбімен қуқыл тартып бозарып тұратын жазғытұры сүреңсіз дала сілкіп-сілкіп алған жібек кілемдей түрлі түсті өсімдік гүлдерімен безеніп, құлпырып кетеді. Топ-топ тобылғының ақ гүлі мен боз жусанның қышқылтым иісі қосылып аңқығанда, жалпақ далаға жұпар шашқандай.

Жасарған жер секілді, көкке тойынған жылқы көктемгі үйпа-тұйпа өлі жүнін тастап, жұтынып шыға келеді. Бұл малдың осы кездегі көз тұндырарлық сәні — құлыны. Жайылған жылқы ішінде ерсілі-қарсылы асыр салып, шіңкілдей кісінеп ойнақтайды. Кәдімгі балалар секілді. Біздің жақта жылқы мен сиыр малы жайлауға осы уақытта айдалады.

Сәрсен ақсақал көп жылдан бері совхоз жылқысын бағатын, үнемі жайлайтын жері — Бесбұлақ. Айтса айтқандай, тау бауырынан жүлгелеп қатар шыққан бес көз.

Нұржан ауылға кеш келген. Бесінші класты биыл да кілең «бес» деген бағамен бітірді. Сөйтпей қайтсін, мектепте жүргенде есіл-дерті тек оқу ғана болады. Ол үшін алаңдамай ойнайтын уақыт тек жазғы демалыс секілді. Былайша айтқанда: «Қос құлағы коңырауда, қос жанары кітап пен мұғалімде болады» дейтіндердің нақ өзі.

Ойхой, шіркін, балалардың ойнауына Бесбұлаққа жетер жер қайда?! Алыстан карағанда, қолдың бес саласындай ұзын көгал жолағы тарам-тарам болып, көделі жалпақ далаға бітеді. Көбелектің алуан түрі осы араға жиналған. Сары ала, көк ала, қызыл ала, тіпті сүттей аппақтарын көргенде, кімнің де болса қуа жөнелгісі келіп тұрады. Онан қалса, бұлақ бойына диірмен салып ойнайсың. Тоңқылдақ қурайдан мылтық жасап, көбелек атқан қандай.

Жаздың көп уақытына дейін осындай рақатқа батып, жайнап тұратын жер июль айының бас шенінде біреу бетіне жалын ұстағандай қуаң тартып, сүренсізденіп сала береді.

Бұл кезде сай-саланың ұңқыр-шұңқырында іркіліп сақталған суларға дейін тартылып, Бесбұлақтан басқа мал тандайын жібітерлік тамшы болмай қалады. Аса құрғақшылық жылдары бұлақтар да малды жарытпай, алыс құдықтардан машинамен тасып сергелдеңге түседі. Әншейінде «дүрілдеген» көрсе одырайып, үрке қарайтын мал атаулы, шөлдеген шақта машинаға қарай тұра жүгіретін «бауырмал» мінез табады.

Биылғы жаз да жаңбырсыз болып, бұлақтар кезегімен тартыла бастады. Мал судан қаталап барады. Бұл жағдайды білген совхоз басшылары Бесбұлақты аршып, шөліркегендерді суға қарық қылуға бір бульдозер жіберіпті. Бірақ қуатты «С-80» үлкен-үлкен тастармен қосып, жерді олай бір, бұлай бір қопарып, ысырып өткенде, кішкене көз тұрмақ, тұма орнының қай жерде қалғанын жұрт ажырата алмады. Бастау сол күйі жоғалып кетті. Тракторшы қалғандарын байқап көрмек еді, үлкендер зәрезәп болып, қайтып маңына жолатпады. Малды суға қандырамыз деп жүргенде, басқа бұлақтар да мынаның аяғын құшса...

— Кап, торсықтағы қымызымызды салқындатып жүрген мольрақ бастау осы еді, енді қайттік,— деді бір қария өкініп,— о заманда-бұ заман тірәктірмен бұлақ аршығанды кім көрген.

— «Токал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айрылыпты».

— Мүйізі бар болсын, соны сұрамай-ақ қойдық,— деді бір шал тракторшыны мысқылдап.

Тұма сулары тартылып, бұлақ бойындағы саусақ саласындай әдемі бес тармақ көгал қурай бастағанда, қатайған жер шөбі бұрынғыдай балалардың жалаң аяқ табанына жұмсақ тимеді. Қорғанбай жарысатын жерлерде отыра қалып, тізені қайырып жіберген бойда қап-қара табанға үңілетінді жиілетті. Тәрізі, жібектей майда шөп енді тікенге айналып бара жатқан болуы керек. Шөнгесін ала алмаса, өкшені көтереді де, ақсандай басып үйге тартады. Онан кейінгісі белгілі, төтесі ме, апасы ма, омырауындағы инесін суырып алып шұқылағанда, жалаңаш еттің жанын шығарады. Түрлі түсті көбелектер көрінген гүлге қонып, еркінсу былай тұрсын, жан сауға іздеп басы ауған жаққа қаңғырып кетсе керек, көзге шалынбайды, ұшты-күйлі жок. Иә... Бұл жай балаларға тым көңілсіз еді. Бір күні төтесі Нұржанды шақырып алып:

— Анау ортадағы тұманы аршысандаршы, босқа безектеп жүгіре бермей, торсық салып атаңа қымыз салқындатайық. Жылқыдан таңдайы кеуіп келеді ғой қазір,— дегенді айтты.

Нұржан ауылдағы жолдастарын жиып, тұманы аршуға кірісті. Бұрын әлдебір пысықтардың қолымен бүркей қаланған тастар бар екен. Бірін қалдырмай қопарып, алып тастады. Нұржанның кішкене бауыры Шырақ та өзінше тырбанып жүр. Ыстық күнде маңдайынан шып-шып тер шығыпты.

— Бұл тұманың суынан басқаларға бермейміз, ө, Нұржан,— деді. Нұржан інісінің бетіне сәл аңырып қарап тұрды да, таң қалғандай басын шайқап қойып:

— Қалайша бермейміз?— деп сұралды.

— Өзіміз аршыдық, өзіміздікі емес пе?

— Жок, олай деуге болмайды, өзіміздікі емес, осы ауылдікі, бәріміздікі,— деп түсіндірді ағасы.

— Иә, бәріміздікі,— деді Шырақ жанағы қисық пікірінен тез айнып.

Балалар тұма көзін тапты. Құм-қиыршық басып қалыпты. Қолдарымен, күрекпен тағы да тазалап еді, аздап ашылғандай болды.

— Енді айналасына тастарды қайтадан қалайық. әйтпесе сиырдың мінезін білесіңдер ғой, ішіне түсіп тұрып ішелі. Сөйтіп бекітіп тастайды,— деді біреуі.

— Менінше, бұл аз, әлі де арши түсу керек,— деген Нұржан сүймен темірмен кесек бір тасты түртіп қалғанда, оның астындағы шынашақтай қуыстан судың лыкси жөнелмесі бар ма! Өзіне қарай құлаған ұсақ тас, құм-қиыршықтарды ішіне түсірмей. сыртына

карай ыршытты. Бұл көз тағы бір үлкен тастың жапсарында. Егер ашыла қалса, бұдан да молдау шығатын түрі бар.

– Сүймен темірді сұғып алсақ қайтеді?– деді Шырақ ағасына.

– Көзді мүлдем бекітіп аламыз ғой, онан да осы тастың өзін аударайық, – деген Нұржан шетінен көтеріп байқады. Азар ғана қозғалады. Жартысы тұманың бас жағында секілді. Дегенмен бұлар шүпірлеп шуласып жүріп алдымен жан-жағын аршыды. Сонан кейін сүймен темірдің бір басын кемерге шанша тіреп, алқымына кесек тас қойды да, екінші ұшынан жабылып басып еді, үлкен тас қопарылып қозғала бастады. Көз бекітіліп қалған болатын. Мына қозғалыстарда жағалай жік алған қуыс, жапсарлардан қыстығып тұрған су бүрк-бүрк ете қалды. Бірақ тас ауыр, әрі балалар жөнді баса алмаған-ды. Нұржан сүймен темірді қайта орнықтырып, серіктеріне үйрете бастады.

– Мен «әуп» дегенде, былай қарай басасындар. Ал, қане, әуп!

«Алыптардың» күші қойсын ба, қазандай тасты ылдиға қарай бір аунатып жіберді. Сол сол-ақ екен, тас астындағы шәугімнің аузындай үнігейген қуыстан су лақ ете түсті. Осы таспен әдейі бекітіп қойған секілді.

– Қуын қара, мына жерге біреу суды тығып қойыпты, – деді Шырақ мәз бола күліп.

– Жарайсындар, батырларым, – деп айқайлап жіберді Нұржан.

– Біз кішігірім тауды да қопара аламыз.

– Толағай батыр құсап бір шоғыр бұлтты, жаңбырымен қоса аркалап келсек!..

Шынында, жердің су құйған месі жарылып кеткендей атқылағанда, балалардың қуанышы қойнына сыймаған-ды. Біреулері суды шалпылдатып, біреулері жағада өзінен-өзі қарғып секіріп, енді біреулері қасындағыларға мұздай суды шашып, шулады да қалды.

– Су шықты, су шықты!– деп ауылға қарай құйындата жөнелгендер де бар.

– Не дейді, ей! Қане, қане, – десіп үй жақтан желпілдей басқан төрт-бес әйел көрінді.

– Тұманы аршыдық, көп су шықты!

– Е, жақсы болған екен бұларың!– деп тәтесі Шырақтың бетінен сүйді.

Нұржан бастаған топ, үлкендердің айтуы бойынша, тұма көзін мал аяғы тимейтіндей етіп, таспен өріп, бүркей қалап шықты. Әне-

міне дегенше көл-көсір су қансып, кеуіп қалған бұрынғы арнамен бұраң қағып, сылдырай ақты.

Күн кешкіріп, ересек балалар бұзау байлап, мал қайыруға кеткен. Шырақ тәтесінен:

— Тәте деймін, жоғалып кеткен көбелектер қайтадан келе ме? Олар да су іздеп кетті дейді ғой Нұржан,— дейді көңіліндегі мазалап жүретін ойын айтып.

— Келеді,— деп күлді тәтесі,— сендер шығарған мұздай судан сіміре жұтқанда көресің әлі.

— Имм... Келсе жақсы болар еді, олар да шөлдеп жүр ғой... Бірақ көбелек су іше ме екен?!

— Енді не ішеді, қымыз іше ме?

— Білмеймін...

— Ішеді, ұлым, көбелек те су ішеді.

Жылқы түн ортасы ауа оралған. Күндізгі ыстықта шөлдетіп айдамайын деп Сәрсекең түсте келмеген. Ауылға іліккен жылқы су лебін сезіп, орта тұмаға қарай жөнелді. Соңында келе жатқан Сәрсен ақсақал да солай беттеген-ді. Қалай екенін кім білсін, мал аяғы шалпылдатқан мол судың дыбысы шығады шөп арасынан. Арнаға келіп еді, көдімгідей бұлқынып ағып жатыр. Осының өзі шын ба, әлде өтірік пе деген кісіше, бастауға да барды. Жылқылар жапа-тармағай мұздай суық әрі мөлдір тұныққа бас қойыпты.

Үйге кірген соң, бұны істеген Нұржан, Шырақтар екенін білгенде қалай қуанды десеңші.

Ертеңінде су әкелген шоферға:

— Енді келмей-ақ қой, шырағым, суыңды құрылысқа апар,— деді Сәрсекең.

«Бесбұлақтан мол су шығыпты» деген хабар совхоздағыларға тарап, бір топ адам көріп қайтты. Судың тапшылығы үлкендердің арқасына аяздай батып жүрген-ді. Міне, енді адам мен мал түгіл, жердің де өңі кіріп жайнап сала берді.

АТАКЕҢНІҢ БАЛ АРАСЫ

Танертеңгі шайын баптап тұрып ішкеннен кейін, Атекең есік алдындағы үлкен кара тасқа жайғасып алады да, қонышынан сары шақшасын шығарып, етігінің өкшесіне қағып-қағып қояды. Сонан

қайыс шашақты тығынды суырып, нәшіне келтіре алақанға насыбай салады. Онысы сарт-сарт етіп, менің құлағыма қызықты естіледі. Ерінге тастап жібереді сонсоң. Осыдан кейін бір қажетті ісін тындырып тастаған адамша, жазбай-жаңылмай жұмысына кіріседі. Жұмысы не дейсің ғой. Қора ортасында әрқайсысына кісінің құшағы жетпейтін екі терек бар. Соның орта тұсына қарайды. Қарағанда жай емес, ойлана көз салатын сияқты. Мойны қалайша талмайды екен дерсіз.

— Атеке-ау, құсы аспанға ұшып кеткен құсбегіше осы теректің басына неге қарай бересіз?— деп сұрасады қасына келген ауылдастары.

— Е, қарағым-ай, неге қарап отыр дерің бар ма, осы екеуінің жаратылысына таң қаламын. Тіпті егіз козыдай ағаштар. Менің жігіт кезімде осындай еді, әлі сол қалыбы,— деп қана қояды. Кімге қашан болса да бұдан артық сыр шашпайды.

Айтса айтқандай, басына қарасаң тақияң жерге түсетін, аспанмен тілдескен қос терек бір-бірінен айнымай қалған, табиғаттың көз тартар әсем бұйымы. Жуандығы, биіктігі, бұтақтарының түзілісі, жаратылысы бірдей. Қыздың қос бұрымындай айна қатесіз дүние. Амал не?! Уақыты жетті ме екен, әлде басқа бір себеп болды ма, қазір қурап, семген. Бірақ кейін білдім, мәселе бұл әдемілікте емес көрінеді. Шал жай айтады екен. Бір күні өзен жағасында ойнап жүріп, тас үстінде терекке қарап отырған Атекеңе көзім түсіп кетті. Шокша сақалы шошандап, ауық-ауық қозғалақтап қояды. Менің байқауымша, көкке қарап әндетіп отырған жоқ, өз бетінше сөйлейтін тәрізді. Онысы қызық көрінді маған. Әлде теректің сұлулығын жыр етіп отыр ма? Аздап өлеңдетіп жіберетін де мінезі бар еді, мүмкін, сол өнері иектеген болар. Жылыстап сырт жағынан келдім де, бұта арасына жасырына қалып, тындауға кірістім. «Тағы біреу... тағы біреуі келді, ана біреуі алды-артына қарамай безіп барады. Осының өзі анық солар болды. И... и... жарықтығым-ай, тірі жан болған соң тірлігін істейді де. Өз ісіне мықты. Жолынан таймайды, еңбекшіл-ақ. Бұны қайтсе болар екен?» Өлең де, ән де емес, осы секілді сөздер. Қариядан мен күткен қызық шыға қоймаған соң:

— Ассалаумағалейкүм,— дедім тап қасынан шыға келіп. Жалт қарады қария.

— Әлікімсалам... Сәлемшілін бұнын. Осы мына таяқ тастам жерде күн ұзын ойнамап па едің?! Айтпақшы, таңертең де сәлем бергенсін.

– Ата, теректің басына келіп-кетіп жүргендер кім?– дедім ойымдағыны тікелей бастап. Өйткені ауыл адамдарының «Жаз бойы теректің басына қарады, осы шал алжиын деп жүрмегей, сірә» десіп қалжың-шыны аралас айтатындарын талай естігенмін. Меніңше, шалда қалайда бір сыр бар.

– Теректің басында анау-мынау емес, бір тайпа ел бар, – деді ол кісі қонышынан шақшасын суырып.

– Ел дейсіз бе?

– Иә, кәдімгі ел.

– Жер жетпегендей ағаштың басына шығып кеткен қандай ел?

Қарға, торғай болса, бір сәрі...

– Тамақ жинауы, топтасып жұмыс істеуі – бәр-бәрі өзімізден аумайды. Сен, міне, алтыншы класс оқисың, «бал арасы» дегенді естуің бар ма?

– Білемін, тіпті кеше құлағымды шағып та алған.

– Солай де, оныңның жөні бар. Тым қалқиып тұрған құлақты ара шақпай қайтсін. Тәрізі, өзің тиіскенсің ғой.

– Гүлден гүлге қонып күйбендеп жүр екен, қолыммен түртіп қалып едім, бұндай пәле болар ма, дәл құлақтан жабыса кетті. Шаққаны ашы болатын көрінеді, жылап жібердім. Аздан соң күлтілдеп шыға келді, міне, қайта бұл жазылғаны, – деп шалға оң жақтағы үлкен құлағымды көрсеттім.

Атекең рақатқа батып, қарқылдап тұрып бір дем күлді.

– Бәлем, құлағыңды келістіріп тұрып сәніне келтіріп беріпті. Бал жеп көрдің бе?

– Иә.

– Олар аздап қолдан өңделеді. Былайша айтқанда, ептеген қоспасы болады. Ал мына теректе сол бал арасының ұясы бар секілді. Әзірше ешкімге айтпағайсың, әйтпесе арадан қалған құлағыңды мен «шағып» аламын. Уәдеге қалай едің?

– Мықтымын.

– Көзің өткір ғой, сонау бұтақтың тұсына қарашы.

Бұтақтың астындағы кішкентай қарайған қуыстан андыздап аралар үздіксіз ұшып-қонып жүр. Мен әзер көріп тұрмын. Қарт кісі ұятты болып қалатындай-ақ, сырын айтпай, жаз бойы өзі ғана қараған ғой. Үлкендер асықпайды, балы молықсын деп ойлауы да мүмкін.

– Ендеше ұя аузының сол жерде болғаны. Әйтсе де бір рет анықтап көру керек шығар. Ондай күн туса, балақай, балды аузы-мұрныңнан шығарамын.

– Бір тойғызсаңыз жарар еді, ата.

– Тіл мен жағыңа сүйенген қу баласың.

Осы кезде аяндап Күлайша апа келді.

– Шал-ау, жөніңді айтшы, көзіңе бірдеме көрінген адамша, күн ұзын теректің басына қарайсың да отырасың, бұнында не бар өзі? Онан да орталыққа барсаңшы, шай таусылып барады. Дүкенде болмаса базардан кезігіп қалар. Үнді шай да көзден бұл-бұл ұшайын деді ғой.

– Солай де, кемпір. Бірақ саспа, үнді шайың қайда қашар дейсін.

– О не дегенін...

– Нанбасаң, мына теректің басына қарашы өзін, аздан кейін басына үнді шай өсіп, жерге төгілгелі тұр.

– Тегін емес, осыған бірдеме болған, тәрізі. Қу теректің басына шай өсе ме екен?

Күлайша апа басын бір шайқады да бұрылып жүріп кетті. Шалының ақылға қона қоймайтын әзіліне наразы секілді.

* * *

Танертең ауыл ортасында абыржи сөйлеген осы кісілердің даусынан оянып кеттім. Ытқып далаға шыққанмын. Күн таудан жаңа асып келеді екен. Апамыз теректі шыр айналып безектеп жүр.

– Құдай-ау, мына шалға не көрінген?! Ендігі істемегенің терекке шығу еді... Өледі-ау, бейбақ. Түс деймін, қайда барады, ей, өзі... бала болып кеткен бе, бірдеме қаққан шығар...

Үш-төрт үйдің тайлы-таяғы қалмай терекке жүгірген екен. Құр қалғандай мен де жеттім. Атекең зәулім теректің орта тұсына таяп қалыпты. Бірақ тап қазіргі тұрған жерінде бұтақ жоқ. Әйтсе де тұтамдай екі аяқ, екі қолымен жуан дінді қапсыра құшақтап, таскенеше жабысып алған, айрылар емес. Ептеп ана қолдың біреуі шығып кететін болса, онда шалдың сүйегін жерден «теріп» алғаннан басқа лаж жоқ.

– Япырмау, ол жерге қалай тап болдың?– деп безектейді көршілері.

Жердегілер біресе ақыл айтып, біресе езу жия алмай мәз болып күліседі. Оларының жөні де бар. Атекеңнің мына тұрысы, шынында, күлкілі еді. Басындағы жадағайлау, жабысқақ қара тақиясы баяғыда-ақ ұшып кетсе керек, онысы кемпірінің

қолында жүр. Күн тимеген ақ жалтыр төбеге қан теуіп, алқызыл тартыпты да, тебіндеген күмістей селдір ақ тікенек шашын айқындай түсіпті. Күнқақты болған желке мен құлақ күрең қошқылданып сыздап тұр. Жердегілердің ақыл-кеңесі, дабыр-шуына құлақ түрер ол кісі жоқ. Тек қана өз мақсатын бетке алған күйде өзімен-өзі. Тіл қатпайды.

— Атеке-ау, тым болмаса жөніңізді айтсаңызшы?!

— Атеке-ау, ол жақта не бұйымтайыңыз бар еді?

— Атекең уақыттың жеткенін біліп, бұл дүниеге жоғарыдан мықтап бір қарап алмақ ойы болған шығар.

— Мүмкін... Сонсоң қылкөпірде қалт-құлт етіп зәресі кетіп жүргенше, тозақтың төбесінен бір-ақ секірмекші ғой.

— Ар жағы белгілі, жердің жыртығын жамап болғандай, ұжмақтың төрінде жамбастамақ.

— Көрдің бе қулықтың қайда жатқанын...— деп құрдастары сан-саққа жүгіртті.

Бұлар не десе де, қарияның қайда, неге кетіп бара жатқанын менің ішім, әрине, сезіп тұр. Ара ұясының аузын өз көзімен көрмей көңілі көншімейтіні мәлім.

Қалжыңға да, жөн сөзге де құлақ асып, айылын жияр Атекең болмады.

Жұрт өстіп шуласып тұрғанда, ағаш діңіне жабысып, тырмысқан шал жанағы бұдырсыз тұстан өтті. Онан кейін жуантық бір әлді бұтаққа шықты да, үстіне жайдақ атша мініп алды. Келесі кезекте жеңіске жеткен адамдай-ақ, мандай терін ақ көйлектің жеңімен орай сүргіп, асықпай мөлшерлі тұсқа қарағанды. Не айтып отырғанын кім білсін, өзіне өзі күбірлеп сөйлеп қояды. Әлден уақытта:

— Сенікі дұрыс екен, Жақай,— деді онда да тек маған ғана үн қатып.

— Мына атаң нені айтып тұр,— десті тұрғандар мені қаумалап. Мен жоғарыға қарадым. Атекең «айта бер» дегендей иегін көтерген соң:

— Бұл теректің басында араның ұясы бар, ескі ұя,— деп қарияладым өзімше білгішсініп.

— Қап, мына екеуінің қорлығы-ай!

— Мен де бір әлдеқандай керемет шығар десем...

— Нендей керемет болушы еді, қу теректің басына үнді шай өсті ғой деп не едіңдер.— деді сонау биікте тұрған қария жердегілерге шақшандап.

– Осы шалмен ерегісе көрмендерші, әйтпесе секіріп кетіп жүрер, – деп бәйек болды Күлайша апай. Шын көңілі.

– Иә, білдей «азаматымыздан» айрылып қалғалы тұрғанда аман түсуін ойлайық.

– Жассындар ғой, біреулерің арқан жеткізіп беріндер.

– Атеке, ол жақтағы жұмысыңыз бітсе, арқан апарып берейік, – десіп, «өзім түсемін» дегеніне қарамай, бір жігіт арқан алып терекке өрмелеп кеткен-ді. Тұрғандар арқанды саумалай босатып, шалды аман-есен жерге түсіріп алды...

* * *

Атекеннің бұл жайын елден бұрын Ошыр деген замандасы естіп, суыт жетіпті. Айтысына қарағанда, шалға сәлемдесе келіпті. Біздің қарияның бір әңгімесінде осы Ошекең туралы: «Мекалай заманында елде жоқ әдемі көк есекке мініп алып, ине-түйме, тана-моншақ сатып жүретін бақалшық еді, «Етпен біткен сүйекпен кетеді» демекші, сол әдетін әлі қоймай келеді», – деп селдір сақалын сипап қойып, мысқылдап отырғанын естігенім бар. Әсіресе онай олжаға емпең қағады дейтін.

– Бір өскен төлміз ғой, сені көрмегелі он айдың жүзі болыпты, – деді Ошекең амандықтан кейін он саусағын көрсетіп.

Біздің Атекең де қара жаяу адам емес қой:

– Нешауа, нешауа, Ошыр, он ай көрмесең, он бірінші айда көрдің, міне, «өліспеген көріседі», – деп мақалдатып жіберді. Ақ мұрттың жыбыр ете түскеніне қарағанда, бір мысқылын жасыра қойды ма, біле алмай қалдым. Тәрізі, әдеті дегенімізбен, «нешауалары» да тектен-текке айтылмаған көрінді, – иә, балашаға аман ба, қалың қалай? – деді соңында.

Бала-шағасы аман екен, біраз әңгімеден кейін халының онша жетісіп тұрмағанын, сондықтан дос еді, жолдас еді деген ниетпен осында арнайы келгенін айтты.

– Сен омарта тапты деп естідім, болымсыз нәрсе ғой, сонынды маған берсең. Азар болса бір-екі шелек балын жерсің, ал аралары босқа өледі.

– Иә, иә, сондай бірдеме тапқанмын. «Қалауын тапса, қар жанады, сұрауын тапса, бермейтін сараң жоқ» деген. Енді оны ыңғайына қарай көрейік.

– Қалауын қанша тапқанмен, қар жана қоймас. Бірақ сұрауын өзеуреп таба қоятын сен оншалықты сараң адам емес едің, кәртегенде бірдеме көрінбесе,— деді көңілдене күліп.

Ошекең сөзге де бақалшы, саудагер тәрізді шалды жіпселеп отыр. Бұнысын тез аңғарған Атекең:

– Жөн, жөн, дұрыс айтасың, қанша дегенмен бірге өскен сыралғы кәрі боз емессің бе,— деп аңқылдап, қосыла күлген-ді.

– Сенің араң ар жақтағы теректе ме?

– Иә, иә, япырмай, жаз бойы сығалап, бұрнағы күні шығамын деп өліп қала жаздап, ара бар екеніне көзім азар жетіп еді, сенің көріпкелің бар ма, келе салып қайдан біле қойдың, ә?

– Әй, шал-ай, бұл Ошыр не көрмеген Ошыр дейсің,— деді бәйбішесі шалына шай құйып жатып.

– Жаңа кірерде есік алдында байқағанмын.

Ошекеңнің теректі көре салғанда-ақ, «көңіл қазы, көз таразылап» мөлшерлеп жібергені рас болатын. «Кемінде жиырма шелек бал шығады, әр шелегің құрығанда он килограмм, ал әр килограмның бес сомнан қаны жерге тимейді. Бұл бері айтқанда. Арырақ айтсаң қайда кетпек... Атекең не білуші еді, тәйірі...» Ошекеңнің тәп-тәтті ішкі есебі осы. Тек қана шалды шошандатпай, қолға түсіру керек.

– Білгіш болсаң, айтшы, қане, осыдан қанша бал шығады деп ойлайсың?— деп өзінше сынап сұрады Атекең.

– Қу теректен қайбір жарытымды бал шыға қояды дейсің. Оның үстіне ескі ұя деп отырсың, олай болған күнде аралары да кәртегіп, алжи бастаған шығар, алжыған ара жетістіріп бал жинай алушы ма еді,— деген Ошекең қарсыласына қарап қойды. Ештеменің қылпын көре алмай отырған көңілі ұйқы-тұйқы.

– Имм,— деді Атекең,— оныңның да жаны бар сөз-ау, айтты-айтпады, осы аралар алжи ма екен өзі?

Біздің атаның көзіне білінер-білінбес мысқыл ұялай қалды.

– Е, он сегіз мың ғаламдағы құдайдың ол да бір өзің секілді пендесі, уақыты келсе алжымақ тұрғай, қоныз теріп кетер, бөлем,— деп салды Ошекең тайсалмастан. «Он сегіз мың ғаламына» мен оншалық түсінген жоқпын. Бірақ атамыз ішегі түйілгенше күлді.

– Жөн айтасың, Ошеке, жөн,— дейді көзінің жасын сүрте түсіп,— ал сонда бұның балын не істемексің, жейсің бе?

– Бал жеп жүрегін жалғаған қазақ естідің бе?

– Солайы солай ғой...– атамыз қипалақтап кемпіріне қарағыштай берді. Тегінде ол кісі үндемесе, қандай іс болса да мақұлдағаны,— япырмай, ә, мына бәйбіше үнді шай таусылып қалды деп мазаны алып отыр еді, қайтсем екен, ә?..

– Үнді шай қазір жоқ, іздесең де таба алмайсың, бірақ араңды берер болсаң, жерден шұқысам да сен үшін мен іздеп көрейін. Ескі доссың ғой.

– Ал доспыз, екеуміздің шірей саудаласқанымыз ұят шығар. Табан ақы, мандай тер емес, қураған теректе тұрған бал үшін не дей қояйын, әйткенмен қанша шай десек болар екен, бәйбіше?— деп Кұлайша апаға сөз салды қария.

– Е, мен қайдан білейін...

Атекең ән салатын адамдай жөткірініп алды да:

– Қане, бақалшым, сауда жөнін жасыннан жетік білесің, өзің айтшы,— деді. Көзіне бағанағы бір болымсыз мысқыл қайта ұялағандай болды. Маған осынысы — жұмбақ.

– Ең биши сортынан бес пәшкі берейін,— деді Ошекең қоразданып, қомақтай сөйлеп.

– Ал керек болса, бәйбіше, мына Ошекең бізді шалқытып байытып тастамаса қайтсін. Бес жердегі елу тиыным қанша болады, ей, Жақай?— деп сұрады енді маған қарап. Қысыңқы көзіндегі жанағы болымсыз мысқыл жоғалып, оның орнына өткір ұшқын пайда болыпты. Мен қапелімде сасқалақтап қалып, іштей елуді беске көбейтіп, жатырмын, әйткенмен тірі жан емеспін бе:

– Екі жүз елу тиын болады,— дедім артымнан біреу қуып келе жатқандай аптыға сөйлеп.

– Онысы неше сом болушы еді?— деді апамыз. Есепті тағы да менің шығаруыма тура келді. Өйткені алтыншы класты бітірдім ғой.

– Екі сом елу тиын болады.

– Дұрыс, балам, есепке жүйрік екенсің.

Атекең мені мақтап тастап, өзі сылқылдап қатты күлді. Бұл күлкісі, қалай екенін кім білсін, бұрынғысындай емес, түрпідей күлкі еді. «Шыныменен екі сом елу тиынға сатпақшы ма?!» деп таңданып мен отырмын.

– Маған биши-сишиіңнің керегі жоқ, кәдімгі мына кемпір ішіп отырған шай бар ғой, дәл осындай болса жетеді.

Бұның кемпірінің қандай шай ішіп отырғанын Ошыр нақтылы біле қоймаса да, негізі алыпсатарлық қасиетке байланысты болуы керек, бөгелместен:

— Осы, осы, дәл осы өзін тауып беремін,— деп бәйек болды. Бес бөлек шайдың қорлығы бұл арада өзгеге емес, маған өтіп отыр. «Шайды шығарып жүрген кім екен, ең болмаса, жүрегінді жалғап тамақ болатын нәрсе болса, бір сәрі».

— Ал, Ошеке,— деді Атекең,— мен сенімен саудаласып отырғаным жоқ, бірақ білетін адамсың, сол білгендігінді істеп, ай-шайға карамай, бес шайды бір-ақ беріп тастадың. Шіркін, жомарттың жолы бөлек қой, тіпті аузы-мұрның қисаймайды. Олай болса, сол бес шайыңды бөктеріп қайтайын. Бәйбіше, бір қолайлы ыдыс бер.

Қуанып кеткен Ошыр:

— Құп болады, Атеке, бір жылы туған төл, құрдас емеспіз бе, жүр кеттік,— деп орнынан атып тұрды. Байлап отырған құла биесінің құлынын ағытып артынан ертіп алды да, Ошыр замандасына ілесіп Атекең кете барды. Артынан сәл қарап тұрып, басын бір шайқап алған Күлайша апа:

— Осы шалдың дені сау емес,— деді жымыып күліп. Ал мен «Аузы-мұрның қисаймай» деген сөзге еркін түсіне алмай, үйге беттеп жүре бердім.

Арада екі күн өткен соң, ішінде совхоздың Мұқатай деген омарташысы бар, үш-төрт жігітті ертіп шалымыз жетті. Қос ат жеккен арбамен келді. Оның үстінде үрлеп қойғандай бүйірі шығыңқы бөшкелері бар. «Аузы-мұрнымнан шығара» жейтін балға тықыр таянғанын сездім. Көп арасында Ошыр да бар еді. Атекең құла биені белдеуге байлаған бетте қанжығадағы тоқ қоржынды кемпірінің қолына ұстата салды да:

— Үйді шайың таусылып қалып, аяқ астынан опат болып кете ме деп шошып едім, әйтеуір, шүкір, әлі де көрер жарығың бар екен,— деп мысқылдады биесінің айылын босатып жатып.

— Бәрі шай ма?— деді әрі қуанып, әрі танданған Күлайша.

— Немене, тақияна тар келіп тұр-ау, шамасы. Бәрі шай болмаса, тескен тау өткізіп жіберейін деп пе едің.

— Қайдан білейін бұл қай қырың екенін, алдыңғы күні бес пәшкі әкелемін деп кетіп едің.

— Ассалаумағаләйкүм,— деп қасына келдім.

— Әлікісалам, Жақаймысың, ойын «шаруашылығың» қалай?

— Жаман емес, ата. Бірақ әлгі «аузы-мұрнымнан» шығаратын балыңызды Ошыр атаның бес шайына шын сатып жібердіңіз бе? Апамнан сұран едім, біздің үйде де бес шай бар екен...

Атекең әуелі жымың-жымың етіп маған қарап алды да, сол жымыюын рақатты күлкіге айналдырды.

– Қойны-қоншына жасырып-жауып, шай-шалаң сататындар аздау болып жүр еді...

– Жок, ата, мен саудагер болмаймын.

– Сөйт, балам, «Ұлың бар, қызың бар сақар жемендер» деген екен баяғыда бір ашқарақ аталарың сақарды талқан екен деп асап қойып. Ұлың бар, қызың бар сілімтік саудагер бола көрмендер. Шыбын-шіркей аулаған өрмекшіше күнелту... Бұндай тірлікті жек көремін...

– Сонда өзің не бітіріп қайттың, жөнінді айтшы, бытыреке?— деп сұрады әлі ештемеге түсінбей, шыдамнан айрылған бәйбішесі.

– Не бітіруші едім, әуелде нені ойласам соны бітірдім.

– Е, сенің ішіндегіні білетін ішек-қарныңды аршыппыз ба?— Құлайша апа қыңыр шалын сөзбен шымшып алды. Шал кемпіріне жалт қарады.

– Ойпырмай, мынаның қыршаңқысын-ай, қолына бір қоржын шай тиіп еді...

– Мен әлгі Ошырынды айтып тұрмын.

– Ошыр-Мошырды қойып, сусын берші. Шөлдеп келдім. Күн жарықтық та қазандағы қойдың құйрығындай шыжғырып тұр.

– Жүр, үйге кір. Мұнша шай әкелген адам шөлдемей қайтсін!..

Атекең бәйбішесіне бұл жолы оқшырая қарап алды. Әншейінде көп сөйлемейтін адамның мына қағытпаларына танданғаны секілді.

– Осы кемпірге айтып беріп құтылмасам, өзеуреп қоятын түрі көрінбейді,— деп алды әуелі,— сендерше айтқанда, табиғаттың ағашына ұя салған табиғаттың арасы. Ал мен совхоздың бұрынғы жұмысшысы, қазіргі пенсионері Атекеңмін. Пенсияға шыққаныма алты жылдың жүзі. Сонда да қоралы мал баққан балаларымнан қалған жоқпын, мына кемпір екеуміз бас-көз болып жүрміз. Ал Ошырдың өзін жек көрмесем де, кәсібін жек көремін. Тегінде саудамен айналысқан адам қайтсе де біреуді ұғуды ойлайды. Ұтылған адам қан қаксайды. Анау алдайды, мынау алданады. Ал алдау-арбау жүрген жерде ар-инабат адамнан ат құйрығын кесіп, нокта-жүгенін сыпырмай ма? Бірге туып, бірге өстік, құрбымыз, құрдаспыз дегенімізбен, кеше менің арымды бес бөлек шайға сата жаздамады ма! «Қу теректің арасы да көртейіп, алжыған болады, жетістіріп бал жинамайды... бір-екі шелек» дейді маған. «Биши сорттан бесеу» деп қояды. Мені балаша алдамақ.

Әуелден-ақ бұны сатпақшы емес болатынмын. Балын да, арасын да өзіміздің совхозға табыс етуді көздегенмін. «Кемінде жиырма шелек бал шығады» дедім. Совхоздағылар қуана қабылдады. «Араңызға сыйлық береміз, балыңызды бағалаймыз, бұйымтайыңыз не еді?» десті әуелдесен. «Кемпірімнің шайы таусылып қалып...» деп күмілжігенім. «Жүзден де көп» деп садаған кетейіндердің біреуінің алып жеткені. Мен онысын санаған да жоқпын. Ошыры кім?.. Маған пенсия беріп отырған Ошыр ма екен? Өмір бойы осы алыпсатарлығының арқасында пенсияға қолы жетпей, бұраландеп әлі жүр. Міне, Жакай бала, мәселе осылай. «Алыпсатар әкесін де аямайды, қасапшы шешесіне де сүйек қосып сатады».

Шал алдыңғы күннен қалған ашып кеткен қымызының соңғы кесесін ішіп, маған ежірейе қарады. Мен түрулі есіктен көрініп тұрған терекке қарадым.

– Қайта, өнеугүнгі өзілімнен көңілі қалмасын, дәм-тұзы бір шіркін ғой, бір шелек бал берейін деп әдейі ертіп келдім сол Ошырды.

Шалдың кемпірі бөлек-бөлек шүберектерге шайларын қуана, құнжындай түйіп, үлкен қара чемоданның түбіне тастап жатыр. Даланың бостан-бос тұрған терегінен келген «олжа».

Сәлден соң сыртқа шықтық. Жігіттер сусындап оралған болуы керек, бір-бір балтасын жалақтатып, теректі қалай құлату туралы ақылдасып тұр екен. Аспанға мойнын созған зәулім ағаш бойында тірлік белгісі жоқ. Сойдидің қалың қу бұтақтар сазарып қатып қалған. Аралар қаннен-қаперсіз ұшып келіп, ұшып кетіп жатыр.

Терек тура біздің үйге қарай құлайды. Қай жағынан қиса да солай. Өйткені әкесіне еркелеген жалғыз балаша, біздің үй жақтағы өз сыңарына бейім өскен.

– Үйді жығу керек, – деді Мұқатай.

– Жоқ, – деді Атекең, – он шақты арқанды жалғап, терекке байландар да, қарсы беттен бес-алты адам тартып отырындар.

Қарияның айтқанындай болды. Бала-шаға, көрі-жасы бар, он шақтымыз қарсы бетте арқан ұстадық. Көзімнің бір шалғаны – Атекең таяқ ұстап, аяғы-аяғына тимей, безіп барады екен. Жуан дінге қайратты жігіт балтаны періп қалды. Кірші ете түсті болат темір. Көзімді жұма қойдым мен. Қураған ағаш болса да балалығым осының түбінде өтті. Бұның самал жел тербеткен қалың көк жапырақты кезі де есімде бар. Қимаймын. Алғашқы балтанын

ұрылуы-ақ мұң екен, іле-шала қылқимастар төпеп жауып берді. Кірш-кірш қадалады. Аппақ жаңқалар жапырақ-жапырақ болып ұшып түсіп жатыр. Үш жағынан тұрған әлуетті жігіттер балтаны бір сағаттан артық сілтеді. Неге екенін кім білсін, балта дыбысынан өзге үн құлаққа шалынбай, ауыл ұзақ тынып қалыпты. Бір кезде:

– Кетті,— деді Мұқатай. Түбінен қыркылған алыптың басы қисайып құлап бара жатты. Сыңарына қарай біздің үйді баса құламақ. Жұрт шулап кеткен. Арқанды ересектер жан ұшыра тартуда. Мен қолымды қоя бердім. Қисайып келеді, қисайып келеді. Құлау екпіні қатая түсті. Қарсы тұрған желден басқа бұтақтар ысылдап барады. Осы кезде қатарындағы сыңарын өзінің бір жуан бұтағымен жығылып бара жатқан адамша қармай іле түсіп еді, бірақ бұтақ жуан, әлді болса да ұстап қала алмады. Түбінен шарт айрылды. Иығынан жұлынып кеткен қол секілді болып көрінді көзіме. Қасындағы терек қатты соқтығудан теңселіп кеткен. Құлаған терек енді оның төменгі бір бұтағына «ұстап қалмас па екенсін» деген кісіше киліге берген-ді. Бірақ жоғарыдан екпін алған үлкен салмақты сүйеп қалуға төзе алмады. Бұның бұтағы да шарт етіп, қурай құрлы қауқар жасай алмай, жұлынып кеткен еді. Енді ешқандай сүйеніштен үмітсіз қалған алып гүрс етіп сұлап түсті қара жерге. Дауыл тұрып, ауылда бір сәт құйын ойнады. Жер зірк етіп қозғалып кеткен-ді. Бітті. Орнында бұл терек енді жоқ. Аяулысын апаттан алып қаламын деп, қолынан айрылған ғазиз азаматтай, екі бұтағынан айрылған қасындағы сыңары тура біздің үйді бетке алып теңселді де қалды. Құласа тапап, жаныша құлайды. Жұрт қайта шулады. Кімнің не айтқаны белгісіз. Біреулер: «Ойпырмай, қайтер екен!»— десе, шешем: «Сақтай көр, сақтай көр»,— деп әлдекімге өтініш айтып, безектеп тұр. Қатты қозғалған зәулім терек көпке дейін теңселіп барып азар басылды. Сорайып жалғыз қалыпты. Шулап кеткен жұрт алғашқы теңселістерде күрт опырылмаған соң, іштен тынып қалған еді. Бәрі бірдей «уһ» деп демдерін тең алғандай, қайта тілге келіп, дабырласып кетті. Арқанды бағана қоя берген мен құлайтын терекше қисайыппын да қалыппын.

– Саған не болған, ей, Жақай?— деп біреу қарқылдап күліп жібергенде ғана белімді бір-ақ жаздым. Тәрізі, жығылып бара жатқан ағашпен бірге қисайып бейімделе берсем керек.

Дүние тыныш. Тек жолаушылап кеткен аралар ғана қайта оралғанда, орнында ұясының жоқ болып шыққанына

танданғандай, сопиып аспан кеңістігінде жалғыз қалған екінші теректі шырқ айналып жүр. Мұқатайлар ара ұясының маңына қаппенен көң төгіп, киімдерін киіп дайындалып жатыр. Теректегі бал араларынан әлі қозғалыс белгісі білінбейді. Есеңгіреп қалғандай тым-тырыс. Бір кезде аспандағы аралардың қарасы молая түсті де, жаңағы әредік ызың мол гүілге айналып бара жатты. Ұя аузына көзім түскен-ді. Құжынаған ара үздіксіз аспанға көтеріле бастапты. Үлкен жаугершілік, апат бастайтындай. Жайшылықтағыша емес, қанаттары мен аяқтары тікірейіп алған. Қимыл-қозғалысынан ашу мен үрейді айқын ажыратуға болады. Әлі ешкімді шаққан жоқ.

Аздан соң аспанды араның мол легі торлап, бүкіл ауыл үстінде таң қаларлықтай күңіренген дыбыс тұтасып, мүлде гулеп кетті.

Мұқатайлар ұя аузын бұтақтан тазартып, енді бұзу үшін бірінші балтаны періп қалғанда, құжынаған араның қыбыр еткен жанға деген өшпенді шабуылы басталып жүре берді.

Атекең қайта оралып келіп, сұлаған теректің қасында:

— И... и... и... қасиетіңнен айналайындар-ай, обалдарыңа қалдым ба, қайдам, — деп аяушылығы мен өкінішін қабаттап түр еді, аузын жиғанша болмай, «Ойбай, ойбай, аттан» дей бере ыршып түсті. Екі қолы онды-солды ербендеп жүр. «Дәл қазір нендей сұмдыққа ұшырағанын сұрай қойса» деп ойладым мен. Өзім шалдың мөңкігеніне мәз болып күліп тұрмын. «Әй, бәлем, жаздай бізді аңдып, тас үстінен сығалап едің, қолға түстің бе?» дегендей бір орнында ұршықша айналдырып, безектеткен күйінде аралар есі шыққанша талады. Шыр айналып тыпырлап жүр, үйге қашып кіру деген ойына әзір келе қоймады. Бір кезде маған да кеп қалыпты. Әр жеріме қыздырған бізді сұғып-сұғып алғандай болды. «Ойбайдың» көкесін көрсете тыпырлау өз алдына, құлындағы даусым, құраққа шығып, ұшып түскенімді бір-ақ білдім. Дегенмен онан жан қалатын емес, енді үйге қарай жан ұшыра жүгірдім. Төр алдында жатқан қара тонға қалай кіріп кеткенім ғана есімде. Әп-сәтте күлкіден айрылдым. Оның есесіне жылағым келіп тұр ма, қалай?! Ауыл азан-қазан, біреуді біреу біліп болмайды. Шаққан жері дуылдап өртенгендей сезіледі. Бірақ сырттағы қызықтан қалып қоятын болдым. Сондықтан ашыған жерге, амал жоқ, шыдау керек. Тонға мықтап орандым да, есік алдына шығып, босағаға малдас құрып отырып алдым. Бүркенген тонның кішкене ғана санылауынан сығалаймын. Қай жақтан шар еткен дауыс шыкса, санылауды сол жаққа бұрамын. Жетісіп отырғаным жоқ, өне

бойым дуылдап барады... Қанша жыламайын десем де көзден жас шығып кетіпті. Ал, шынында, қай кезде жылап жібергенім өзіме де белгісіз. Егер өзінді ара шақпаса, маңайдағы шырылдап жүргендерге қарап отыру қызық-ақ екен...

Қора ортасында шыбындап тұрған жылқылар көзді ашып-жұмғанша тасыр-тұсыр боп, аяқтарын тап бір қасқырды тепкендей ауаға серпіп, топырлап өте шықты. Қуалаған жолбарыс жақындап қалғандай шыңғырып, кісінеп-кісінеп жіберіп ғайып болды. Әншейінде жыламсырап жүретін балалар жанын қоярға жер таппай, шырқырап «өнге» басыпты. Шар-шар еткен әйелдер даусы мен жер жара бақырған ешкі, қаңқылдаған ит, несін айтасың, айналасы бір-ақ минуттың ішінде бүкіл ауыл өрт шыққандай азан-қазан. Адамы үйге, жануары далаға қашып, бір демде-ақ қорада жан иесі қалмаған. Тек алыстан өкірген, бақырған, қаңқылдаған, кісінеген дауыстар естіледі.

Мұқатайлар тоқылдатып теректі шапқылап жатыр. Аздан соң әр үйден осылай қарай жылжыған, тосын көзге не пәле екен деп ойларлықтай, тікесінен ораулы қызылды-жасылды көрпелер пайда болды. Олар, әрине, балалар. Қара тонымды орана сүйретіліп мен де келдім.

Кәдімгі соғымдағы ту биенің қарнын жарғандай Мұқатайлар теректі жарып тастапты. Біздің үйдің ет жасайтын табағынан да үлкен балауыздарды опырып-опырып алып, шелектерге тықпалап жатыр. Ошыр шіркінде ес жоқ деуге болады... Маңдайы ісініп, көзі бітіп, аузы қисайып кетіпті. Ара шабуылы бәсеңдеген кездегі бетін ашқан әркімнің халі осындай еді.

Мұқатай омарташы жомарт адам екен. Алдымен ауыл адамдарына балды кесек-кесегімен үлестірді. Үзіп алған кішкене түйірін аузыма тастап жіберіп едім, тәттілігіне сүйсінгендігімен көзімді ашып-жұмып, не жұтарымды, не жұтпасымды білмей тұрдым да қалдым. Әйтсе де жеделдетіңкіреп жеп болған соң:

- Тағы беріңізші, – дедім Мұқаңа алақанымды жая қойып.
- Тәтті ме? – деп қойды ол кісі бір кесегін ұсынып.
- Балдай екен, – дедім сасқанымнан.
- Мынау не дейді, ей... Өзі бал жеп тұрып...

Үш бөшке лық толды. Төрт-бес үйімізге бір-бір шелектен бал тиді. Ошекең де риза.

– Бұл жазғанында бал деген осынша көп болушы ма еді, анау күні мына Ошыр «аралары алжыған, жарытып жинамайды» дегенге шошып қалып едім. Аузы-мұрның қисаймай «Бес бөлек

шай» дедің-ау, ә! Әй, нысаптарың жоқ-ау, «Бақалшы байымас, шешен семірмес» деген сөз осы ниеттеріңе айталған ғой, айтылған...

Күн кешкіре бастаған-ды. Бал алушылар жүруге ыңғайланды.

Адамдардан алтын ұясын қорғап қала алмай, титықтаған аралар ұясына тақау бір ашық жерге бірінің үстіне бірі қонып, үлкен үйіндіге айналды да, көтеріліп-басылып гулеп жатты.

Мұкатай жүрерінде:

— Мына араларға тиіспендер, екі күн осылай жатады. Тиіссендер шағады,— деді. Әрине, тиісіп неміз бар. Араның қалай «ойнайтынын» байқап қалдық емес пе...

* * *

Үшінші күні даң-дүннан оянып кеттім. Мұкатай ағаның даусы естілген соң, далаға жүгіре шықсам, кішігірім шөмеле болып үйілген араны қолғап киген қолымен ысырып ашып отыр екен. Қасында үлкен қап. Әредік болмаса, аспанға көп ара көтерілмепті. Тек қанаттарын жаза түсіп, бірінің үстінде бірі ызындап жорғалайды. Қарсылық, қайрат көрсетпеді. Ешкімді шаққан да жоқ.

Панасыз, азықсыз, дәрменсіз үйіліп қалғандарына жаным ашып кетті.

— Аға, бұларға енді тиіспенізші, мүмкін, басқа жаққа кетіп, мекен тауып, ұя салып алар,— дедім.

— Неге тиіспейміз, қайта өздеріне де, совхозға да бал жинап бермей ме,— деді Мұқан.

— Мына түрімен қалай жинайды, қазірдің өзінде жейтін түгі жоқ, аштан қырылар.

— Жоқ, ұлым, мен бұларға жақсылап үй салып, ішіне өздерінің балынан мол етіп қыстырып келдім. Енді бұлар бір жұма жұмысқа шықпайды. Соны жеп, ерегіскендей жатып алады. Азығы әбден таусылған соң, өздерінше «ақылдасады да», біртіндеп тағы да тамақтарын жинауға шығады.

— Қыстай жейтінін енді жинап үлгере ала ма?

— Міне, осы кезде біз көмектесеміз. Әрине, мен гүлден шырын жинай алмаймын, оның есесіне қант беремін. Қантты аумаған сен құсап жейді. Ұқтың ба?

— Ұқтым,— дедім мен, ұқсам да, ұқпасам да басымды изеп.

— Ал мына қабыңызға қалай салмақшысыз, күрекпен бе?

— Оны қазір өз көзінмен көресін.

Бір кезде үңгіп отырған ара үйіндісінің астынан өзгелерден түгі-түсі бөлек үлкен-үлкен екі кара ала араны алып шықты.

— О... «ақсақалдар», сендер ренжімендер, — деді ол екі араға. Сонсоң қолғапты шешіп, тұзақталған машина жіппен екеуін мастастыра іліп алғаннан кейін, салбырата қойып еді, бұлар гүжілдеген жуан дауыс шығарды. Осы кезде үйіліп жатқан аралар құйын сокқандай дөнгеленіп, аспанға көтерілді. Тап бір кең мұржадан тік шыққан түтін секілді. Немесе түйе шудасының үлкен бір орамы аспаннан Мұқатай ағайдың қолына дейін салбырап қалғандай көрінді. Осылай аз ұстап тұрған соң, екі үлкен араны аузын керіп ашқан қаптың ішіне еппен ғана салып еді, аспандағы ара тізбегі зулап қапқа құйылды. Сыртта бір де бірі қалған жоқ. Қаптың аузын ұқыптап буып, екі-үш адам арбаға еппен көтеріп салған-ды. Омарташы қош айтысып, жүруге беттеген. Атекең қимасынан айрылғандай, «Жана қоныстарың құтты болсын!» деп, сондарынан қарап, кәдімгіше күбірлеп сөйлеп тұр. Адамға білдіретін тілегін араға да білдірді. Қызықау өзі!..

Ал менің өзім де ауылдан ауыл бөліп шығарғандай, қонылтақсыған күйде қора ортасындағы сұлап жатқан теректің бір бұғағына келіп отыра кеттім.

«Иә, шал дұрыс айтады, аралардың жаңа қонысы құтты болсын!» — деймін ішімнен.

ӨҢ МЕН ТҮС

Мектептегі ата-аналар жиналысынан Жүкең ақсақал мен Жамал апай тағы да ренжіп шықты. Сөйтетін жөндері де бар. Жиналыс сайын: «Балаң ұқпайды, балаң нашар, көп ойнайды. Ойын десе болды, құлағы елендеп, ішкен асын жерге қояды» деп ұялтады кемпір-шалды. Міне, бүгін де айна қатесіз сол сөз.

Сейсен сабақты оқымайын, тындамайын демейді, бірақ қанша оқыса да миына қонбай-ақ қойды. Тіпті алгебра, физикадағы есептер өмірінде естіп көрмеген тың нәрсе секілді.

Сонау жылдардан бері құлағына, ең құрыса, бір де рет тыныштық болған емес. Бір есептен, өз құлағының мұншалық шыдамдылығына танданатын да кездері бар. Класта пионерлер

отряды мен оқушылар ұйымында ең әуелі Сейсен сөз болады. Былайша, барлық бас қосулардың кіріспе сөзі осының «құрметіне» арналғандай. Ал мұғалімдері уәделесіп алғандай, бұны көрсе болды, бір ауыз ақылын айтпай қоймайды. Дегенмен, амал не, сабақ ұқпаған соң, бәрі зая. Енді не істемек? Әттең, осындайда мұғалімдердің сұрағына жауап беріп тұратын ақылды машина болса...

Ойлай-ойлай шаршап, ұйқтап кетті. Өмірінде көрмеген, көремін деп ойламаған тамаша түс көріпті.

Кезекті ата-аналар жиналысы екен дейді. Мектеп директоры сөйлеп тұр. Бүгін тіпті шабытты көрінеді.

— Жолдастар, біздің тамаша педагогикалық шеберлігіміздің арқасында, бірінші кластан бастап нашар оқып, сүйемелмен үлгіретін жетінші кластың оқушысы Сейсен кейінгі тоқсанда кілен беске окитын болды. Сөйтіп, нашар окитын Сейсенді бүгін ерекше таланттылар қатарына қостық. Балаларын жақсы тәрбиелегені үшін Жүкең атай мен Жамал апайға шын көңілден алғысымызды айтамыз,— деп барып бір тоқтаған екен дейді директор.

Қандай жақсы! Бұның да осындай сөз еститін күні болады екен-ау. Көз етті көгертіп, мойны ырғайдай болғанда, қолы азар жеткен табыс секілді.

«Жалғызымыз тірі жүрсе болғаны, зердесіз қылса қайтеміз, қанша қақсағанымызбен ұға ма, әйтеуір бір тракторшылық бұйырар» дейтін де қоятын үлкендер. Бұны Сейсеннің өзі де талай естіген. Міне, сол баласы бүгін ерекше таланттылар қатарына қосылыпты. Ата-анасы бұған аң-таң болып отырған көрінеді. Өйткені оның қазірге дейін оқып жатқанын бір көрген емес. Қайта оқығанның орнына, ысылдаған әлдебір қорапты шұқылаумен күні өтеді. Кім білсін, онысының не зат екенін. Осы жағдай өздеріне аян болғандықтан, директор айтқан алғыс екеуінің көкейіне қона қойыпты. Жиналыстағы Сейсен ата-анасының осы ойын біліп отырса керек.

Шынында, Сейсеннің бұл күндердегі істері қызық. Мұғалім біткеннің қойған сұрағы жауапсыз қалмайтын болған. Бір ғажабы, сабақ сұрай қалса, оң қолы костюмінің сол жағына бір барып қайтпай қоймайды. Осындай қимылдан кейін ғана сұраққа жауап қайтарады. Кейде сұрақты өзі қайталап алып, жауабына кіріседі. Кластағы білгірлігі өз алдына, әдеттегі ойындарда да тапқырлықтар жасайды. Шахматты жақсы ойнайтын ауылдың